


**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің
«Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицей»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ**

Ақтөбенің қаласының білім бөлімі мемлекеттік мекемесінің «Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жарғысы.

Ақтөбенің қаласының білім бөлімі мемлекеттік мекемесінің «Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жарғысы.

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ – 2022 жыл



Ақтөбе облысы әкімдігінің
20~~ж~~жылғы 18.07
№ 232 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
«Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицей» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің жарғысы**

1. Жалпы ережелер

1. «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі мекеме) жалпы білім беру қызметтерін жүзеге асыру үшін ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мэртебесін иеленген коммерциялық емес ұйым болып табылады.
2. Мекеменің түрі: коммуналдық.
3. Ақтөбе облысы әкімдігінің 1997 жылғы 11 сәуірдегі шешімімен құрылды.
4. Ақтөбе облысының әкімдігі мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы болып табылады.
5. «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі Мекеменің тиісті саласын басқару жөніндегі уәкілетті органы болып (бұдан әрі-тиісті саланың уәкілетті органы) табылады. «Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі Мекеменің мүлкін басқару жөніндегі уәкілетті органы (бұдан әрі – мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті органы) болып табылады.
6. Мекеменің атауы: «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
7. Мекенжайы: индекс 030017, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Жастар шағын ауданы, 3 орамы, 13А құрылышы.

2. Мекеменің заңдық мэртебесі

8. Мекеме мемлекеттік тіркелген кезден бастап құрылды деп есептеліп, заңды тұлғаның құқықтарына ие болды.
9. Мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банкте шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы жазылған мөрі болады.
10. Мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

11. Мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі қаражатқа жауап береді. Мекемеде ақша жеткіліксіз болған жағдайда оның міндеттемелері бойынша субсидиялық жауапты болады.

12. Мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ақтөбе қалалық аумақтық қазынашылық бөлімшесі департаментінде міндетті тіркелуден кейін күшіне енеді.

3. Мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

13. Мекеме қызметінің мәні – ұлттық және жалпы адами құндылықтар, ғылым жетістіктері мен оның тәжірибесі негізінде жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуына бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау және азаматтыққа, патриоттыққа Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді, ұлттық салт-дәстүрлерді құрметтеуге баулу, антиконституциялық және қоғамға жат істерді қабылдамауға тәрбиелеу болып табылады.

14. Мекеме қызметінің мақсаты – окушылардың жоғары деңгейлі білім алуын, патриоттық сезімі мен азаматтық парызын қалыптастыру және конституциялық-азаматтық міндеттерін орындау, серпінді дамып келе жатқан ортада өзін-өзі белсендіруге дайын бәсекеге қабілетті тұлғаны және дарынды балалардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдайларды қамтамасыз ету болып табылады.

15. Мақсатқа жету жолында мекеме мынадай қызметтерді іске асырады:

- 1) Оқыту бағдарламасын менгеру мақсатында арнайы жағдайлар жасау;
- 2) Жеке тұлғаның шығармашылық, мүмкіндігін дамыту үшін физикалық мүмкіндіктерін, тұрақты негізін, салауатты өмір салтын қалыптастыру;

3) Азаматтық және патриоттыққа, Қазақстан Республикасына – Отанына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерге сыйластыққа тәрбиелеу, кез келген Конституцияға және қоғамға қарсы іс-әрекетке төзімшілдік көрсетпеуге тәрбиелеу;

4) Қазақстан Республикасының қоғамдық саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысуға қажеттілікті және өз құқығы мен міндеттеріне саналы көзқарасты қалыптастыру;

5) Әлемдік және отандық мәдениетті тануда, тарихты білуге қазақ елінің және басқа да ұлт өкілдерінің салт-дәстүрін білуге, ана тілі, орыс тілі, шет тілін білуге жол ашу;

6) Білім басқармасымен білім ұйымының автономдығын кең қолдану, демократизациялау және децентрализациялау;

7) Әлемдік, жаһандық-коммуникациялық желіге шығу, білімді ақпараттандыру мен оқытудың жаңа технологиясын енгізу;

8) Бекітілген мемлекеттік және авторлық бағдарламаларға сәйкес окушыларды оқыту мен тәрбиелеу;

9) Окушылардың, педагогтардың және ата-аналардың оку-тәрбие үдерісінде шығармашылық ынтымақтастырын қалыптастыру;

- 10) Оқушылардың бос және демалыс уақытын ұйымдастыру, медициналық көмек, психологиялық қолдау көрсету, санитарлық-тұрмыстық және санитарлық-гигиеналық қызметін ұйымдастыру;
- 11) Балаларды тәрбиелеудегі ата-аналарға консультация мен оқыту семинарларын ұйымдастыру;
- 12) Оқушылардың жоғарғы оқу орнына түсуге дайындық жұмыстарын жүргізу;
- 13) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен білім беру оқу-тәрбие бағдарламасы бойынша 1-11-сынып оқушыларын оқыта отырып, жалпы орта білім беру бағдарламасын орындау;
- 14) Оқушыларға сапалы білім беруді қамтамасыз ету;
- 15) Отандық және әлемдік тәжірибе негізінде оқу-тәрбие үдерісінің мазмұнын жаңарту және ғылыми-методикалық қамтамасыз ету, оқушыларды оқыту және тәрбиелеуде заманауи технологияларды енгізу;
- 16) Білім беру мекемесінің спецификасына сәйкес қосымша оқыту бағдарламасын дамытуды жүзеге асыру;
- 17) Педагогикалық құрамының ғылыми-әдістемелік және психологиялық-педагогикалық құзырлылығын арттыру;
- 18) Бекітілген санитарлық-нормалар мен ережелерге сәйкес оқу-тәрбие үдерісін материалдық-техникалық қамтамасыз ету;
- 19) Тегін медициналық көмек көрсетумен қамтамасыз ету.
- 20) Өз қызметіне жоғарғы оқу орындарының және басқа мемлекеттік қоғамдық ұйымдардың педагогтерін, профессор, ғылым кандидаттарын тарту;
21. Мектеп-лицейде білім беру және оқу үдерісі еki тілде жүргізіледі.

4. Мекемені басқару

22. Мекеменің құрылтайшысы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) Мекеменің құрылуы, қайта құрылуы және таратылуы туралы шешім қабылдайды;
- 2) Мекеменің Жарғысын бекітеді, өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

23. Мекеменің мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті органы Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген мына функцияларды жүзеге асырады:

- 1) Мекеме мүлкінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

24. Мекемені басқаруды тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

25. Тиісті саланың уәкілетті органы Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) Мекемені қаржыландырудың жеке жоспарын бекітеді;

- 2) Мекемені басқару органдарының құрылымын, қалыптасу тәртібін және мерзімін анықтайды;
- 3) Мекеменің мүлкін сақтауға бақылау жасайды;
- 4) Мекеме басшысының құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін анықтайды;
- 5) Мекеменің құрылымын және штаттық саны шегін бекітеді;
- 6) Мекеме басшысының ұсынысымен оның орынбасарын (орынбасарларын) лауазымға тағайындауды және босатады;
- 7) Жылдық қаржылық есепті бекітеді;
- 8) Уәкілетті органға мемлекеттік және жеке шаруашылық қызметі нәтижесінде алынған мүлікті қайтарып алу және қайта бөлу бойынша келісім береді;
- 9) Мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті органның келісімімен Мекеменің қайта құрылуы мен таратылуын жүзеге асырады;
- 10) Қазақстан Республикасының заңдылықтарымен бекітілген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

26. Мекеме басшысы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын құру арқылы тиісті саланың уәкілетті органымен тағайындалады.

27. Мекеме басшысы басшылық қағидаттарында әрекет етеді және мекеме қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыretіне сәйкес дербес шешеді.

28. Мекеме басшысы Мекеме қызметін жүзеге асыруда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

- 1) Мекеме мүлкінің сақталуына және қаржы-шаруашылық қызметіне дербес жауап береді;
- 2) Мекеме атынан сенімхатсыз барлық органдарда оның мүддесін білдіреді, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңы шегінде мекеме мүлкіне иелік етеді, келісімшарттар жасасады, кепілхаттар береді, банктік есеп-шоттар ашады және басқа да әрекеттерді жүзеге асырады. Мекеменің барлық қызметкерлеріне міндетті бүйректар шығарады, нұсқаулар береді;
- 3) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес қызметкерлерді жұмысқа қабылдайды, келісімшарттарды бұзады, ынталандырады, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін жағдайларда шара қолданады;

4) Мекеме қызметкерлерінің міндеттері мен құзырларын белгілейді;

5) Мекемеде сыйайлас жемқорлыққа қарсы күрес шараларын қабылдауға бағытталған директордың тікелей жауапкершілігімен белгіленетін шаралар қабылдайды;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген, осы Жарғымен және уәкілетті органмен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

29. Мекемені басқару Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі, «Мемлекеттік мүлік туралы»,

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы заңдарына және орталық атқарушы органдар, жергілікті атқарушы органдар мен жергілікті органдар, білім басқармасының жергілікті органдарының қаулыларына, нұсқаулықтарына, өкімдеріне, бұйрықтарына, сондай-ақ осы Жарғыга сәйкес жүзеге асырылады.

5. Мекеме мұлкін қалыптастыру тәртібі

30. Мекеменің заңды тұлғаның активтері Мекеме мұлкін құрайды, құны оның теңгерімінде көрсетіледі. Мекеменің мұлкі:

1) Оған меншік иесі берген мұліктің;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздердің есебінен қалыптастырылады.

31. Мекеменің оған бекітілген мұлікті және смета бойынша бөлінген қаржыға алынған мұлікті өз бетінше болуғе және жұмсауга құқы жоқ.

32. Мекеменің қызметі жергілікті атқарушы орган бюджетінен қаржыландырылады.

33. Мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

34. Мекеменің қаржы-шаруашылық қызметін тексеруді және ревизияны Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіппен тиісті саланың уәкілетті органы жүргізеді.

6. Мекеменің жұмыс тәртібі

35. Мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің ережесімен белгіленеді және Қазақстан Республикасы Еңбек Заңының нормасына қарсы келмейді.

7. Мекеменің білім беру жүйесін ұйымдастыру

36. Коммуналдық мемлекеттік мекеме білім беру процесін орта білім беру деңгейлерінің: бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады:

- Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын менгеру мерзімі - 4 жыл (1-4 сыныптар);

- Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын менгеру мерзімі - 5 жыл (5-9 сыныптар);

- Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын менгеру мерзімі – 2 жыл (10-11 сыныптар).

Білім алушылардың сабактарының тәртібі төмендегідей:

1-кезең – сабактың басталуы – 8.00;

2-кезең – сабактың басталуы – 14.00;

Сабактың ұзақтығы – 40 минут.

37. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі оқу процесін ұйымдастыру базистік оқу жоспарының, сабак кестесімен реттелетін мектептің өзі жасаған мектеп директорымен немесе оның міндетін атқарушымен бекітіледі.

38. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі оқыту және тәрбиелеу қазақ және орыс тілінде жүргізіледі.

39. Негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беру бағдарламаларын игеру КР Білім және ғылым министрлігімен бекітілген ережемен белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын мектеп бітірушілерді міндетті қорытынды аттестаттаумен аяқталады.

40. Коммуналдық мемлекеттік мекеме білім алушыларды аралық аттестаттау нысандарын, тәртібін және мерзімін таңдауда дербестік таныта алады.

41. Коммуналдық мемлекеттік мекеме ата-аналардың (немесе өзге де занды өкілдердің) қалауы бойынша жалпы білім беру бағдарламаларын немесе олардың бір бөлігін игеру үшін күндізгі білім алу, экстернат және қашықтықтан білім алу нысанында окуға жағдай жасауға ықпал етіп, көмек көрсетеді.

42. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі сиынштардың саны санитарлық нормалардың талаптары мен жалпы білім беру процесін жүзеге асыру жағдайларына байланысты анықталады. Сиынштардың толымдылығы 25 адамнан кем емес мөлшерде белгіленеді. Қажетті жағдайлар мен жабдықтар болған жағдайда сиынштарды аз мөлшердегі толымдылықпен комплектілеуге болады.

43. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі тәртіп оқушылардың және педагогикалық қызметкерлердің адамгершілік абыройын құрметтеу негізінде жүзеге асады. Білім алушыларға қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға жол берілмейді.

44. 16 жасқа толмаған білім алушылар орта білім беру мемлекеттік үйімінан ерекше жағдайларда ғана, құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасағаны, білім беру үйімінің жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін білім беру үйімінің мемлекеттік басқару органдының шешімі бойынша шығарылады.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушыларды мектептен шығару шешімі қорғаныштық және қамқоршылық органының келісімімен қабылданады.

45. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі тәрбие бағдарламалары оқу процесінің құрамдас бөлігі болып табылады және білім алушылардың патриоттық, азаматтық, интернационалдық, жоғары моральдық және адамгершілік сезімін қалыптастыруға, сондай-ақ жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға бағытталған.

46. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінде национальные, этнические, религиозные и языковые ценности, а также традиции и обычаи народов Казахстана, включая казахскую национальную культуру, должны учитываться в образовательном процессе, а также в воспитании гражданской патриотичности, гражданской ответственности, социальной активности, нравственности и морали, а также в формировании гражданских прав и обязанностей.

47. Әскерге шақырылуға дейінгі және шақырылу жасындағы білім алушылардың негізгі орта білім беру базасындағы алғашқы әскери дайындыры – жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарында іске асырылады.

48. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі ата-аналар мен кәмелеттік жасқа толмаған білім алушылардың өзге де заңды өкілдеріне оқу-тәрбие процесінің барысы мен мазмұнымен, сонымен қатар білім алушылардың үлгерімімен танысуға мүмкіндік береді.

49. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде оқу жылы қыркүйек айының бірінші күнінен басталады, егер де бұл күн жексенбіге сәйкес келсе, онда оқу жылы одан кейін бірінші жұмыс күнінен басталады. Оқу жылы 25 мамырда аяқталады. Оқу жылының ұзақтығы 1 сыйыптарда – 33 апта, 2-11 сыйыптарда – 34 апта.

50. Каникул уақыты әр жыл сайын Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің бүйрығымен айқындалады.

51. Бірінші сыйыптарда балалардың мектеп талаптарына бейімделуін жenілдету мақсатында 1-ші сыйыптарда оқу жүктемесін біrtіндеп өsіrіletіn сабактардың «сатылы» тәртібі енгізіледі, яғни I, II тоқсанда – 35 минут, III тоқсаннан бастап ұзақтығы – 40 минут.

52. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бүйрығымен бекітілген мемлекеттік стандартқа сәйкес жекеленген пәндер оқытуда сыйыптарды еki топқа бөліп оқыту жүзеге асырылады.

53. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінде білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын жаңартылған білім мазмұнында оқытылуы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бүйрығы негізінде жүзеге асырылады.

54. Білім алушылар ата-аналардың мұddeлерін ескере отырып және қабілеттерін дамыту мақсатында оқу жоспарының вариативті бөлігі есебінен сыйыптарда қосымша пәндер енгізілуі мүмкін.

8. Білім деңгейін ағымдық бақылау, білім алушыларды аралық және қорытынды атtestatтtaу жүйесі

55. Жалпы орта білімді игеру ол туралы ҚР Білім және ғылым министрлігімен бекітілген Ережелер тәртібі бойынша жүзеге асырылатын мектеп бітірушілерді міндettі қорытынды атtestatтtaумен аяқталады.

56. Аралық атtestatтtaудың формасы мен өткізілу тәртібін білім мекемесі белгілейді.

57. Білім деңгейін ағымдық бақылау сыйып журналының және білім алушылар күнделігінің негізінде жүргізіледі. Білім бағдарламасын толық менгерген білім алушылар келесі сыйыпқа көшіріледі. Оқу мерзімінің жартысынан көп уақытын олардың жағдайына тәуелсіз себептермен жіберген білім алушылар атtestatтtalмайды.

58. Жаңартылған білім мазмұнының бағдарламасы бойынша білім алушылардың білім жетістігі деңгейін бағалау жүйесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бұйрығымен бекітілген нұсқаулығы негізінде анықталады.

59. Білім алушылар мемлекеттік емтиханнан денсаулығына байланысты медициналық комиссия қорытындысы негізінде босатылады. Емтиханнан босатуға құқық беретін аурулар тізімін ҚР Білім және ғылым министрлігі белгілейді.

60. Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын аяқтап, қорытынды аттестаттаудан өткен білім алушыларға негізгі орта білім туралы аттестат беріледі. Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын аяқтап, қорытынды аттестаттаудан өткен білім алушыларға жалпы орта білім туралы аттестат беріледі.

9. Құжаттарды қабылдау және конкурсты өткізу үйимдастыру

61. Бірінші сыныпқа ҚР Білім және ғылым министрінің 03.06.2021 ж. № 275 бұйрығына 1-қосымшаның 3-бөліміне сәйкес даярлық деңгейіне қарамастан кезекті оқу жылының 1 тамызына дейін 6 (7) жасқа толған балалар қабылданады. Өтініштер қабылдау 1 сәуір мен 1 мамыз аралығында жүргізіледі.

1) Мектепке қабылдау ата-аналарының (немесе занды өкілдерінің) жазбаша өтініші, дәрігерлік анықтама, туу туралы күәліктің көшірмесі, 3x4 көлеміндегі фото-2 дана, педагогикалық – медициналық – психологиялық комиссияның қорытындысы (болған жағдайда) негізінде жүзеге асырылады.

2) Жаңадан келген әрбір балаға жеке іс-қағазы толтырылып, ол атальмыш мекемеде білім алушының білім алуының барлық мерзімінде толықтырылып отырады және сақталады. Басқа мектептен ауысып келген білім алушылар жеке арыз, жеке іс-құжат, дәрігерлік анықтама және басқа білім беру мекемесінен келгендігі туралы құжат негізінде қабылданады.

3) Бейінді мектептің онынши сыныбына қабылдау оқытудың бейінін таңдау кезінде білім алушының қызығушылығы, бейімі мен қабілеті ескеріле отырып, білім алушының тұратын аумағын ескерместен, ата-ананың немесе (занды өкілдері) келісімімен білім алушының жеке өтініші және негізгі білім деңгейі туралы мемлекеттік ұлгідегі құжатының болуы негізінде жүзеге асырылады.

4) Білім алушыларды қабылдау кезінде коммуналдық мемлекеттік мекеме ата-аналарды немесе өзге де занды өкілдерді Жарғымен, білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген лицензиямен, ішкі тәртіп ережелерімен және оқу-тәрбие процесін үйимдастыруды реттейтін басқа да құжаттармен таныстыруға міндетті.

62. Денсаулық жағдайына байланысты ұзақ уақыт бойы жалпы білім беретін мектепке бара алмайтын балалар үшін үйде немесе емдеу мекемелерінде ақысыз дербес оқыту үйимдастырылады.

10. Еңбек және оның төлемдері

63. Мекеменің қызметкерлері мен әкімшіліктің еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамаларына және осы Жарғыға сәйкес анықталады.

64. Мекеме жұмысшыларының еңбек ақы толемінің қоры құқықтық-нормативтік актілер және мемлекеттік мекемеңің жұмысшыларына төленетін еңбек ақысының тәртібі негізінде орындалады. «Азаматтық қызметкерлердің, мекеме жұмысшыларының мемлекеттік бюджеттен төленетін ақыларын төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 бұйрығына сәйкес лауазымдық төлемдері, тарифтік ставкалар мен қосымша төлемдер анықталады.

65. Еңбек режимі (кезеңі) еңбек заңнамасында қарастырылған кепілдік бойынша бекітіледі.

66. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Мекеме мен жұмысшылар арасындағы қатынас келісімшартпен және онда көрсетілген құқығы мен міндеттемесімен бекітіледі.

11. Ақылы білім беру қызметін көрсету тізімі және тәртібі

67. Коммуналдық мемлекеттік мекеме «Мемлекеттік білім беру мекемелерінде тауарларды (жұмыс, қызмет) жүзеге асыру бойынша ақылы қызмет көрсету Ережелері» ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 20 шілдедегі № 1102 қаулысына және басқа нормативтік-құқықтық құжаттардың ресімделуіне қайшы келмейтін қосымша ақылы білім беру қызметін көрсете алады.

68. Коммуналдық мемлекеттік мекеме білім берудің мемлекеттік жалпы білім беретін стандарттарының талаптарынан тыс ақылы негізде мынадай қызметтер көрсете алады:

- қосымша білім беру бағдарламаларын (балалар мен жасөспірімдер шығармашылығын, спорт, мәдениет және өнер саласындағы бейінділіктер мен қызығушылықтарды дамыту, мамандардың біліктілігін арттыру) іске асыру;
- оқу жоспары мен бағдарламалары бойынша бөлінген оқу уақытынан тыс пәндер (сабактар және сабактардың циклдері) бойынша жекелеген білім алушылармен қосымша сабактаұ ұйымдастыру;
- пәндер (сабактар және сабактардың циклдері) бойынша білім алушылармен ғылым негіздерін тереңдетіп оқып үйренуді ұйымдастыру;
- білім алушылар мен тәрбиеленушілер, педагог қызметкерлер мен ересек жүртшылық арасында әр түрлі спорт жарыстарын, семинарлар, кеңестер, конференциялар, сондай-ақ оқу әдістемелік әдебиетті әзірлеу мен өткізу жөніндегі іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу;
- музыка аспаптарын пайдалануға беру және Интернет-байланыстың қосымша қызметтерін ұсыну.

69. Қызметтер көрсететін білім мекемесі, білім алушының, оның ата-анаасының және өзге де занды өкілдерінің немесе өзге де занды өкілдердің өзара

қатынастары шартпен реттеледі. Ақылы негізде тауарлар (жұмыстар және және қызметтер көрсету) ұсынуға арналған үлгілік шарттың нысанын білім беру саласындағы мемлекеттік мұлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган бекітеді.

1) Білім алушы шарт жасасу кезінде бүкіл оқу кезеңіне шығыстарды бір мезгілде төлеген жағдайда төлем сомасы оқу мерзімі аяқталғанға дейін өзгермейтін болады;

2) Оқуға төлемді кезең-кезеңмен төлеген ретте, төлем сомасы жалақының Ұлғауы және инфляция индексі ескеріле отырып, жылына бір реттен артық емес өзгертуі мүмкін.

70. Қосымша ақылы білім беру қызметіне жататындар:

1) қосымша білім беру бағдарламалары бойынша қызметтер;

2) арнайы курстарды және пәндер циклын қосымша оқыту түрі бойынша қызметтер;

3) репетиторлық қызметтер (жекелеген оқушылармен оқу жоспарындағы сағаттардан тыс қосымша сабактар өткізу);

4) үйірме жұмыстарын ұйымдастыру қызметі (базистік оқу жоспарынан тыс);

5) басқа да ақылы қызметтер.

71. Ақылы қызметтер мемлекеттік білімдік тапсырыс шенберінде қаржыландырылатын негізгі білім беру қызметінің орнына көрсетілмейді.

72. Ақылы білім беру қызметі мемлекеттік стандартының негізінде жасалып, эксперт кеңесімен келісілген және «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ бүйрүғы негізінде ұсынылады.

73. Базалық оқу жоспарынан түскен артық ақша қызметкерлерге өткізген сабактары үшін бекітілген жалақы, қосымша үстеме ақы және ынталандыру сипатындағы басқа да төлемдерге және шаруашылық шығындарына, жабдықтар мен мұліктер сатып алуға жұмсалады.

74. Жұмыстық оқу жоспары және штат кестесі «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-нің келісімі бойынша мектеп директоры бекітеді.

75. Мектеп директоры ғылыми-әдістемелік жетекшілікті қосымша орындаиды.

76. Ақылы қосымша білім беру қызметі білім алушыларға ата-аналарының қалауы бойынша білім беру мекемесі мен ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің арасында жасалған келісімшарт негізіндегі бөлек сабак кестесі бойынша ұсынылады.

77. Коммуналдық мемлекеттік білім беру мекемелері ақылы негізде ұсынатын тауарлар (жұмыстарға және қызметтер көрсетуге) бағалары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілуге жатады.

12. Тәрбиеленушілердің және олардың ата-анасының құқықтары мен міндеттері

Мекеменің білім алушыларының:

1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;

2) білім беру мекемесі кеңесінің шешімі бойынша жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарттары шенберінде оқу жоспарлары бойынша окуға;

3) оқу жоспарларына сәйкес баламалы курсарды таңдауға;

4) өзінің бейімділігі мен қажеттеріне қарай қажеттеріне қарай қосымша білім беру қызметтерін, білімдерді ақылы негізде алуға;

5) білім беру мекемесін басқаруға қатысуға;

6) білім беру мекемесінде оның ішінде мүгелектер, мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін қолжетімді нысанда ақпараттық ресурстарды тегін пайдалануға;

7) спорт, оқу, акт залдарын, компьютерлік сыйыптарын және кітапхананы тегін пайдалануға;

8) өзінің пікірі мен сенімін еркін білдіруге;

9) өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне;

10) оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермеленуге құқығы бар.

Білім алушылар:

1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білімді, шеберлікті, практикалық дағдылары мен біліктілікті менгеруге;

2) ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, білім беру мекемесінің жарғысында және білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген басқа да талаптарды орындауға;

3) өздерінің денсаулығы үшін қам жеуге, рухани және тән саулығын өздігінен жетілдіруге ұмтылуға;

4) орта білім беру мекемесінде білім алушылар білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген, міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға;

5) өзге білім беру ұйымдарында білім алушылар білім беру ұйымында белгіленген киім формасын сақтауға;

6) педагог қызметкердің ар-намысы мен қадір-қасиетін, өздері білім алатын оқу орнының дәстүрлерін құрметтеуге міндетті.

- білім алушыларды оқу процесінен алаңдатуға жол берілмейді.

- білім алушылардың жекелеген санаттарына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да женілдіктер беріледі.

- білім алушылардың міндеттерін бұзғаны үшін оларға білім беру мекемесінің ішкі тәртібінің ережелерімен және жарғысымен көзделген тәртіптік ықпал ету шаралары не білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген өзге де шаралар қолданылуы мүмкін.

Білім алушылардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдерінің:

1) баланың тілегін, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып білім беру ұйымын таңдауға;

2) ата-аналар комитеттері арқылы білім беру мекемесін басқару органдарының жұмысына қатысуға;

- 3) білім беру мекемесінен өз балаларының үлгеріміне, мінез-құлқына және оқу жағдайларына қатысты ақпарат алуға;
- 4) өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу проблемалары жөнінде психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардан консультациялардан көмек алуға;
- 5) балаларының шарттық негізде қосымша қызмет көрсетулер алудың құқығы бар.

Ата-аналар мен өзге де занды өкілдер:

- 1) балаларға өмірі мен окуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың ой-өрісі мен дene күшін дамытуды, имандылық тұрғысынан қалыптасуын қамтамасыз етуге;
- 2) балаларды одан әрі жалпы білім беретін мектепке беруді айқындағы отырып, мектеп алды даярлығын қамтамасыз етуге;
- 3) білім беру мекемесінің жарғысында айқындалған қағидаларды орындауға;
- 4) балалардың оқу орнындағы сабакқа баруын қамтамасыз етуге;
- 5) білім беру мекемесі қызметкерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;
- 6) білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген, міндettі мектеп формасына қойылатын талаптарды орындауға;
- 7) білім беру мекемесінде белгіленген киім формасын сақтауға міндettі.

78. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі білім алушыларына ұлты, жынысы, тілі, жасы, денсаулық жағдайы, әлеуметтік, мұліктік және лауазымдық жағдайы, әлеуметтік шығу тегі, мекен-жайы, дінге қатынасына және нағызына тәуелсіз білім алына кепілдік беріледі.

79. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мемлекеттік білім беру стандарты шенберінде жалпы білімді тегін алына кепілдік беріледі.

80. Білім алушыларды қоғамдық-саяси ұйымдарға, қозғалыстарға мәжбүрлеп кіргізуғе сонымен қатар оларды осы ұйымдардың жұмысына мәжбүрлеп тартуға және үгіттеу компаниялары және саяси ағымдарға міжбурлеп қатыстыруға жол берілмейді.

81. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі оқу-тәрбие процесі білім алушылардың денсаулық жағдайын есепке ала отырып жүзеге асырылады. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде сырқаттанудың алдын алу, денсаулықты нығайту, женесін жетілдіру, білім алушыларды салауатты өмір салтына тәрбиелеуде қажетті шараларды орындау қамтамасыз етіледі.

82. Коммуналдық мемлекеттік мекеме білім алушылар ұжымының жұмысы мектептің Кеңесімен ұйымдастырылады. Білім алушылар кеңесінің жұмысы оқудың сапасын көтеруге, тәрбие жұмыстарын арттыруға, білім алушыларға қатысты қаржы мәселелерін шешуге, мектептің материалдық-техникалық базасының сапалылығына, қоғамдық пайдалы еңбекке, білім алушылардың бос уақытын ұйымдастыруға бағытталған.

83. Коммуналдық мемлекеттік білім алушылары өзіне-өзі қызмет көрсетуге және қоғамдық пайдалы еңбек түрлеріне жасы, жынысы, дene

мүмкіндіктеріне қарай денсаулықтарын қорғау және тазалық талаптары мен нормаларын ескере отырып тартылады. Еңбектің санитарлық-гигиеналық нормалары мен қауіпсіздік техникасының сақталуын бақылау мектеп әкімшілігіне, медициналық қызметкерге, мұғалімдерге, класс жетекшілері мен мектеп кеңесіне жүктеледі.

84. Білім алушыларды қоғамдық тапсырманы орындау, спорттық және алушылардың пікірлерін есепке ала отырып, мектеп әкімшілігінің рұқсатымен белгілі бір жағдайларда жол беріледі. Туристік саяхаттар және экскурсиялар директордың бекіткен мерзімі ішінде педагогикалық қызметкерлердің басшылығымен өтеді.

85. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне сәйкес жасы 14-ке жеткен жастарды өндірістік еңбекке дайындау үшін олардың денсаулығына және сабак уақытынан тыс тәрбие ісіне кедергі келтірмейтін жұмысқа қабылдауға және еңбекке баулуға, олардың ата-аналарының біреуінің немесе оларды алмастырушылардың келісімімен жұмысқа алуға және еңбекке тартуға жол беріледі.

86. 18 жасқа толмаған білім алушылар үшін демалыс уақытындағы жұмыс кезінде жұмыс уақытын қысқарту белгіленеді:

- 16-дан 18 жасқа дейінгілер – аптасына 36 сағаттан артық емес;
- 14-тен 16 жасқа дейінгілер – аптасына 24 сағаттан артық емес;
- оку жылы барысындағы сабактан бос кездегі жұмыс уақытының үзактығы жастарына сәйкес нормадан аспауы қажет.

13. Құрылтай құжаттарына толықтыру мен өзгертулер енгізу тәртібі

87. Құрылтай құжаттарына толықтыру мен өзгертулер Құрылтайшының шешімімен енгізіледі.

88. Мекеменің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

14. Мекемені қайта құру мен жою шарты

89. Мемлекеттік Мекемені жою және қайта құру Қазақстан Республикасының заңнамаларының тәртібі бойынша жүргізіледі.

90. Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілгендей, қайта құрылған және жойылған мекеме жұмысшыларының құқықтары кепілдендіріледі.

15. Мекемелердің филиалдары мен өкілдіктері туралы ақпарат

91. Мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі»

мемлекеттік мекемесінің

«Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицей»

коммуналдық мемлекеттік мекемесінің

директоры



А.М.Кисикова

У С Т А В

**коммунального государственного учреждения
«Средняя школа-лицей имени Каныша Сатбаева»
государственного учреждения
«Отдел образования города Актобе»**

ГОРОД АКТОБЕ – 2022 год

УТВЕРЖДЕН
постановлением акимата
Актюбинской области
от «18» 07 2022 года
№ 232

**Устав коммунального государственного учреждения
«Средняя школа-лицей имени Каныша Сатбаева» государственного
учреждения
«Отдел образования города Актобе»**

1. Общие положения

1. Коммунальное государственное учреждение «Средняя школа-лицей имени Каныша Сатбаева» государственного учреждения «Отдел образования города Актобе» (далее-Учреждение) является некоммерческой организацией, обладающей статусом юридического лица, созданной в организационно-правовой форме учреждения для осуществления функций в сфере образования.
2. Вид учреждения: коммунальное
3. Создано постановлением акимата города Актобе от 11 апреля 1997 года.
4. Акимат Актюбинской области является Учредителем государственного учреждения.
5. Уполномоченным органом по руководству соответствующей отраслью государственного учреждения является государственное учреждение «Отдел образования города Актобе» (далее – Уполномоченный орган соответствующей отрасли). Уполномоченным органом по управлению государственным имуществом государственного учреждения является государственное учреждение «Управление финансов Актюбинской области» (далее – Уполномоченный орган по государственному имуществу).
6. Наименование государственного учреждения: Коммунальное государственное учреждение «Средняя школа-лицей имени Каныша Сатбаева» государственного учреждения «Отдел образования города Актобе».
7. Адрес: индекс 030017, Республика Казахстан, Актюбинская область, город Актобе, район Астана, микрорайон Жастар, квартал 3, строение 13А.

2. Юридический статус Учреждения

8. Учреждение считается созданным и приобретает права юридического лица с момента его государственной регистрации.
9. Учреждение имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством Республики Казахстан, бланки, печати с

изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием Учреждения.

10. Учреждение не может создавать, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица.

11. Учреждение отвечает по своим обязательствам, находящимся в его распоряжении деньгами. При недостаточности у Учреждения денег субсидиарную ответственность по его обязательствам несет Учредитель.

12. Гражданско-правовые обязательные сделки Учреждения вступают в силу после их регистрации в департаменте казначейства по Актюбинской области Комитета казначейства Министерства финансов Республики Казахстан.

3. Предмет и цели деятельности учреждения

